

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ ИМЕНИ
АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШАХТИНСКА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01.08.2026

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 154

город Шахтинск

**Сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтарының алдын алу
және заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын сақтау, сондай-ақ Қарағанды облысы білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 559 және Шахтинск қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 213 ж/қ бұйрықтарын орындау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп-лицейдің педагогикалық ұжымына, сынып жетекшілеріне және барлық қызметкерлеріне:

1.1. Мектепке жөндеу жүргізуге, жиһаз бен жабдықтар сатып алуға, үй-жайларды тазалауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға, аттестациялар, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға оқушылардан, тәрбиеленушілерден және олардың ата-аналарынан (занды өкілдерінен) ақша қаражатын мәжбүрлеп немесе ерікті түрде жинауға тыйым салынсын;

1.2. Білім беру ұйымында келесідей әрекеттерге жол берілмесін:

- Ойын-сауық іс-шараларына, концерттерге билеттер мен кітаптар сатуды ұйымдастыруға;
- Шақырылған актерлердің, концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктердің қызметіне ақы төлеу үшін қаражат жинауға;
- Мерекелік күндерге сыйлықтар, жүлделер сатып алуға немесе мектеп ішін безендіруге (рәсімдеуге) ақша жинауға;
- Оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың (байланыс операторлары, тамақтандыру ұйымдары және т.б.) жарнамалық іс-шараларын жүргізуге;
- Тиісті жалдау шарты (аренда) жоқ коммерциялық өнімдерді мектеп аумағында өткізуге;

005805

- Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға қатысу үшін ата-аналардан ақша жинауға.

1.3. Тәрбие жұмысы шеңберінде оқушылардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға (театрларға, музейлерге, көрмелерге және т.б.) баруы тек ата-аналардың келісімімен, ерікті негізде және мектеп қызметкерлерінің қаржылық процестерге қатысуынсыз жүзеге асырылсын.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Мухаметжановаға:

2.3. Педагогикалық ұжым арасында және ата-аналар комитетінің отырыстарында заңсыз ақша жинаудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізсін;

2.4. Ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыштарда, мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде «Сенім телефоны» нөмірлерінің орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Заңсыз ақша жинау фактілеріне жол берген қызметкерлерге (сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, қызметкерлерге) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қатаң тәртіптік жаза қолданылатыны ескертілсін.

4. Осы мектеп-лицейдің 2025 жылғы 02 қыркүйектегі № 270 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын сақтау, сондай-ақ Қарағанды облысы білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 559 және Шахтинск қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 213 ж/қ бұйрықтары

Директор



М.Аккулова